



Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Тақырыбы: Организмнің реактивтілігі мен
резистенттілігінің патологиядағы маңызы

Орындаған: Досмұқамет
Д.Б
Тексерген: Атанбаева

Жоспар:

1. Организмнің реактивтілігі мен резистенттілігі ұғымы: анықтамасы, топтастырылуы, көрінісі.
2. Организм реактивтілігін анықтайтын факторлар.
3. Науқастың спецификалық және спецификалық емес реактивтілігін бағалау әдістері.

«Организм реактивтілігі» ұғымының анықтамасы Биология курсынан барлық тірі объектілер сыртқы қоршаған орта әсерлеріне жауап ретінде құрылымы мен қасиеттерін өзгертуге бейімділігі бар екені белгілі. Бұл – тітіркену қасиеті деп аталады.

Әйгілі патофизиолог Н.Н. Сиротинин, организм реактивтілігі мәселесімен айналыса отырып, тұжырымдаған: «Организм реактивтілігі деп оның сыртқы орта әсерлеріне жауап қайтару қабілеттілігін айтады. Организм резистенттілігі – оның патогендік факторлардың әсеріне тұрақтылығы».

Организм реактивтілігі деп оның белгілі бір түрде физиологиялық және зақымдаушы факторлар әсеріне жауап қайтаруын айтамыз. Яғни, реактивтілік – бұл қалыпты организмнің сыртқы орта әсерлерінен тіршілігін өгертуге қабілеттілігі. Реактивтілік, тек жалпы нерв жүйесі бар организмге тән қасиет қана емес, бұл оның жеке жүйелеріне, мүшелері мен жасушаларына да тән.

Организм реактивтілігі төменгі түрлерде көрініс береді:

- жоғарғы дәрежедегі, қозу процесстері басымырақ болатын – гиперергия;
- төменгі дәрежедегі – гипоергия;
- тежелу процесстері басым болатын – анергия;
- жауаптың бұрмаланған түрі – дизергия;

Жануарлардың бір түрі сыртқы орта әсерлерінен басқаларынан өзгеше тіршілігін өзгертеді; бір топ адамдар бірдей әсерлерге өзгеше жауап қайтарады, әрбір индивидумның жауап қайтару ерекшелігі бар.

Реактивтіліктің түрлері

Түрлік реактивтілік - бұл белгілі бір түрге тән реактивтілік, яғни, осы түрде жататын ұрпақтың тұқымында жатқан анатомо - физиологиялық жауап беру ерекшелігі.

Түрлік реактивтіліктің мысалына жануарлардың әр мезгілдегі қалпын келтіруге болады (қысқы ұйқы, құстардың қоныс аударуы, балықтар миграциясы, т.б.): немесе жануарлардың әр түрінің патологиялық процесстерінің ерекшелігі (қабыну, қызбасы, аллергия т.б)

Омыртқалы жануарлардың реактивтілігі, омыртқасыздарға қарағанда, жоғарғы дәрежеде, әрі әрқилы көрініс береді. Омыртқасыздарда инфекция қарапайым паразитизм, жасырын қабыну, сепсис түрінде ал суық қанды омыртқаларда жақсы байқалатын гранулема түрінде көрінеді.

Адамның реактивтілігі ең күрделі де, әрқилы болады, оған екінші сигнальды жүйе - сөз бен жазудың тигізетін әсері мол. Әрбір айтылған сөз адам реактивтілігін өзгерте отырып, оған қолайлы да жағымсыз әсер етеді. Адамдар, жануарлардан ерекше, көптгене әректтер әлеуметтік факторлармен тығыз байланыста болады.

Топтың реактивтілік - бұл белгілі бір ортақ нышаны бар бір топ адамдар (жануарлар) реактивтілігі, осы нышан берілген топтың жауап беру ерекшелігін анықтайды. Мұндай нышандарға: жасы, жынысы, конституциясы, қан тобы, ЖЖҚ типі, бірдей ауруы бар адамдар тобы, т.б. Мысалы: Биттнер вирусы тышқан ұрғашысында сүт безінің ісігін тудырады, ал аталығында тек жыныс мүшелерін адып тастағанда, эстрогендерді енгізгенде туады.

Жеке реактивтілік . Әрбір адам (жануар) топтық және түрлік реактивтілікпен қатар, жеке өзіне ғана тән сыртқы орта әсердеріне жауап қайтару ерекшелігіне ие. Кейбір факторлардың (инфекциялық агент) бір топ адамдарға (жануарға) әсер етуі, барлығында бірдей жауапты тудырмайды. Мысалы: тұмау вирусына кейбір адамдар ауыр түрде жауап береді, кейбірі – жеңілдеу, т.с.с. Бұл әрбір организмнің ерекшелігімен байланысты. Әрбір науқастың ауруы өзгеше дамиды. Әрбір науқасқа ерекше қарау керек, сырқаттың дәл өзін емдеу қажет (этиологиялық, патогенетикалық, симптомдық терапия), яғни әрбір науқастың жеке реактивтілігін ескере отырып.

Физиологиялық реактивтілік адамдар мен жануарларға тән құбылыс: мысалы, көбею мен ұрпақты сақтау ерекшеліктері жылу реттелудің түрлік ерекшелігі, сыртқы ортаға бейімделу процесстері т.б. Жекеленген адамдар топтарының (жануарлардың) физиологиялық реактивтіліктерін балалар мен қарттар кісілердегі (қан айналым, тыны салу, асқорыту, гармон секреция және т.б), нерв жүйесі әртүрлі типті адамдардағы физиологиялық процестер мысалында қарастыруға болады.

Организм реактивтілігінің 3 дәрежесін бөлеміз. Бірініші дәрежедегі реактивтілік сезімталдылық деп аталады, организмдегі өзгерістер тітіркендіргіш әсерлердің минимальді күшімен анықталады. Екінші дәрежедегі реактивтілік резистенттілік деп аталады, организм патогенді әсердерге ішкі тұрақтылықты сақтай отырып, қарсы тұра алады. Үшінші дәрежедегі реактивтілік төзімділік деп аталады, организм сыртқы орта әсердеріне жауап бере алмау процесстері, регенерация тежеледі.

Реактивтілік пен резистенттілік организм конституциясы, зат алмасу ерекшеліктері, иммундық, эндокриндік, жүйке жүйелерінің жағдайына негізделеді және жас, жыныс пен сыртқы жағдайларға байланысты болады.

Организм конституциясы мен оның реактивтілік пен резистенттілікті құрастырудағы алатын орны. Конституция деп, генотип негізінде құрылған сыртқы орта факторлары әсер ете отырып пайда болған организмнің морфологиялық функционалдық, психикалық ерекшеліктерінің комплексін айтады.

Конституциональды белгілерге өмір сүру барысында өзгере қоймайтын қызметтік, құрылымдық көрсеткіштер жатады. Әрбір адамға, бала немесе ересек, әрбір индивидке ерекше конституция, басқалардан айырмашылығы бар, құрылысы мен қызметтегі өзгешеліктер тән.

Адам конституциясы генотип бойынша анықталады. Соңғы жылдары генетикалық көптеген ауруларға генетикалық бейімділікті анықтайтын, негізгі HLA – комплекстегі гистосезімталдылық маркерлерін анықтайды. Енді тек ойық жара, атеросклероз, қант диабеті, гипертониялық ауруы, лейкоз, туберкулез сияқты ауруларға ғана генетикалық бейімділік бар болмай, сонымен қатар бауыр аурулары, гломерулонефрит, эндокринді және иммундық жүйе ауруларына да генетикалық бейімділік бар екені мәлім.

ЖЖҚ әртүрлі адамдардың реактивтілігі де әртүрлі. Организм реактивтілігіне психогенді факторлардың тигізетін әсері ерекше. Адамды сендірудің арқасында температурасы жоғарлап, қабыну дамуын, тіпті жалған екі қабаттылықты тудыруға болады. Дәрігердің сөздері мен әректінен туындайтын ятрогенді аурулар тобы бар. Сөзбен ренжітуге, өлтіруге, емдеуге де болады. Кейбір жағдайда жақсы психотерапевт дәрілерсіз емдеуі мүмкін. Ambrios Pare айтқан: «Өмір сүргісі келген, тірі қалады», ал Н.И. Пирогов соғыс кезіндегі өлімге ұшыраған жарақаттанғандар саны жеңілген жақ пен жеңгендердің арасында әртүрлі екенін көрсеткен

Эндокриндік жүйе қызметі мен реактивтілік. Реактивтілікті қалыптастыруда гипофиз, бүйрек үсті, қалқанша, ұйқы безі мен жыныс бездерінің алатын орны ерекше маңызды.

Жастың тигізетін әсері. Кез келеген жастағы адамдарға, организмнің сыртқы орта әсерлеріне жауап қайтаруы тәуелді болатын, морфологиялық, қызметтік ерекшеліктер тән. Эмбрионның дамуы барысындағы сыртқы орта факторларына жауап қайтаруы әр түрлі болады.

Эмбриональді кезеңнің алғашқы сатысында фагоцитоз әлсіз жетілген немесе мүлдем жоқ болады. Ол бірте – бірте, ретикулоэндотелиальді жүйенің реактивтілікке қатыса бастауымен жоғарлай береді. Осы алғашқы кезеңдерде инфекциялар айқын көрініс бермей дамиды, кейбір инфекциялық агенттерге ұрық мүлдем жауап бермейді.

Реактивтіліктің спецификалық
(иммунологиялық) өзгерістері (антигендер
әсер етуінен туған)

Реактивтіліктің спецификалық емес
өзгерістері (ортаның қоғамдық, жыл
мезгілдік, токсикалық, температуралық,
фармакологиялық факторлар әсер
етуінен)

Тромбоз (thrombosis; гр. thrombos – ұйыған қан) – тірі организмнің қан тамыры қуыстарында қанның ұюы. Ұйыған қан (тромб) тамыр арқылы қанның қалыпты ағуын баяулатады немесе толық тоқтауына әкеледі. Тромбоздың пайда болуына:

қан тамырлары қабырғаларындағы (әсіресе оның ішкі қабатындағы) әр түрлі аурулардың салдарынан (атеросклероз, тромбофлевит, т.б.) болатын өзгерістер;

қан ағымының баяулауы, яғни қан тамырларының кеңеюінен болатын аурулар (аневризма, варикоз); қан ұю жүйесіндегі өзгерістер әсер етеді. Пайда болған тромбтың клиникасы әр түрлі. Ол жұмсарып, біртіндеп еруі мүмкін, ал екінші бір жағдайда іріңдейді. Тромб немесе оның бір бөлігі өзінің бастапқы пайда болған жерінен үзіліп, қанмен жылжи отырып, ол жерден алшақ орналасқан қан тамырларын бітеп тастауы (эмболия) мүмкін. Бұл жағдай, сол органды қанмен қамтамасыз ету қызметінің бұзылып, тіндердің өліеттенуіне (миокард инфарктысы, гангрена, ішек некрозы, т.б.) әкеледі. Кей жағдайда Тромбоздың пайдалы жағы да бар. Мысалы, әр түрлі себептермен организмнен қан кетудің тоқтауына әсер етіп, қан жоғалту доғарылады.